

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 596 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "почтаны", "почтаның" деген сөздер тиісінше "почта жөнелтілімдерін", "почта жөнелтілімдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың бесінші бөлігі алып тасталсын;

3 )                    3 - б а п т а :

үшінші бөліктегі "темір жолдар" деген сөздер "темір жол желілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "темір жолдардың қызметі аз учаскелері" деген сөздер "кірме жолдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6-баптың екінші бөлігінің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы көлік қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және мемлекеттік стандарттарды әзірлеуге қатысу;";

5) 9-баптың алтыншы бөлігі "пайдаланғаны" деген сөздің алдынан "магистралдық темір жол желісін" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

1) мәтініндегі "почта", "почтаны" деген сөздер тиісінше "почта жөнелтілімдерін", "почта жөнелтілімдері" деген сөздермен; "темір жол көлігі ұйымдарымен", "темір жол көлігі ұйымы", "темір жол көлігі ұйымдарын", "темір жол көлігі ұйымдары" деген сөздер тиісінше "тасымал процесіне қатысушылармен", "тасымал процесіне қатысушы", "тасымал процесіне қатысушыларды", "тасымал процесіне қатысушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 )                    1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) вагон - темір жолдармен тасымалдауға арналған өздігінен жүрмейтін тіркемелі көлік құралы;";

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) темір жол станциясы - поездар қозғалысын реттеуді, өткізу қабілетін қамтамасыз ететін және оларды қабылдау, жөнелту, тоғыстыру, басып озу жөніндегі, жолаушыларға қызмет көрсету, бағажды, жүк-бағажды, поча жөнелтілімдерін және (немесе) жүктөрді қабылдау, беру жөніндегі операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін жолдық дамуы бар, магистралдық жолдарды учаскелерге бөлетін пункт;";

8) тармақшаның үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"облысаралық - Қазақстан Республикасының әртүрлі облыстарындағы жөнелту және межелі пункттері арасындағы тасымалдау;

ауданарапалық (қалааралық) - бір облыс шегіндегі елді мекендер арасындағы тасымалдау;";

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"ішкі - қала (аудан) ішінде және қала маңында тасымалдау;";

мынадай мазмұндағы 12-1) және 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) контейнер - жүктөрді тасымалдауға арналған бірнеше мәрте қолданылатын әмбебап көлік жағдайы;

12-2) контрагент - рельс бойындағы қоймаларға, жүк сақталатын аландарға, тиेу-түсіру механизмдеріне және (немесе) басқа тармақ иеленушінің кірме жолдарына жалғасатын кірме жолдарға меншік құқығында немесе өзге заңды негіздерде иелік ететін тұлға;";

13) - 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) магистралдық темір жол желісі - магистралдық және станциялық жолдарды, сондай-ақ электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерін, құрылғыларды, жабдықты, ғимараттарды, құрылыштарды және оның жұмыс істеуі үшін технологиялық жағынан қажетті өзге де объектілерді қамтитын магистралдық темір жол инфраструктурамы;

14) магистралдық жолдар - Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпы пайдаланудағы темір жол көлігінің жұмыс істеуіне және басқа мемлекеттермен темір жол қатынасын қамтамасыз етуге арналған темір жол станцияларын қосатын темір жолдар;

15) Ұлттық темір жол компаниясы - құрылтайшысы (бірден-бір қатысушысы) мемлекет болып табылатын магистралдық темір жол желісін күтіп-ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын, сондай-ақ магистралдық темір жол желісі қызметтерін көрсететін ұйым;";

мынадай мазмұндағы 15-1), 16-1) және 16-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"15-1) Ұлттық тасымалдаушы - мәртебесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастынын, арнайы және әскери тасымалдарды орындастын және жылжымалы

құраммен жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, поча жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін тасымалдаушы;";

"16-1) вагондар (контейнерлер) операторы - вагондарды (контейнерлерді) меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иеленуші және (немесе) тасымалдаушымен жасалған шарт негізінде осы вагондарды (контейнерлерді) пайдалана отырып, тасымал процесін жүзеге асыруға қатысатын және тасымал құжаттарында көрсетілген тұлға;

16-2) локомотивтік тартқыш операторы - локомотивті күтіп ұстауды және пайдалануды қамтамасыз ететін және локомотивтік тартқыш қызметін көрсетуге сертификаты бар тартқыш көлік құралының (локомотивтің) иесі;";

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) магистралдық темір жол желісінің операторы - мемлекет магистралдық темір жол желісі қызметтерін көрсету және тасымалдау процесін басқару үшін құрган ұйым;"  
;

18) тармақша алғып тасталсын;

22), 25) және 26) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"22) темір жол көлігіндегі тасымалдаушы (бұдан әрі - тасымалдаушы) - жылжымалы құраммен тасымалдауды жүзеге асыратын және тасымал құжаттарында көрсетілген тасымалдаушы;";

"25) жылжымалы құрам - жолаушыларды, багажды, жүкті, жүк-багажды және поча жөнелтілімдерін темір жолдармен тасымалдауға арналған тартқыш көлік құралдары (локомотивтер), вагондар, өздігінен жүретін және өзге де көлік құралдары;

26) кірме жолдар - жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға қызмет көрсетуге арналған және тікелей немесе басқа да кірме жолдар арқылы магистралдық және (немесе) станциялық жолдарға жалғасатын темір жолдар;";

мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

"26-1) ортақ пайдаланылатын кірме жолдар - тасымалдау ережелеріне сәйкес, тасымалдау процесіне қатысуышыларға тиесілі және багажды, жүктерді, жүк-багажды тиесілі (түсіру), сұрыптау, сақтау жөніндегі операцияларды орындау үшін пайдаланылатын темір жол станциясы аумағында да, одан тысқары жерлерде де арнайы бөлінген темір жолдар;";

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) тасымалдау ережелері - тасымалдау процесінің барлық қатысуышыларының қызметін және өзара қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілер;";

мынадай мазмұндағы 30-1) және 33-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"30-1) әлеуметтік мәні бар қатынастар - әлеуметтік мәнін:

облысаралық қатынастарда - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

ауданаралық (қалааралық) және ішкі қатынастарда жергілікті өкілді және атқарушы органдар айқындастырын қатынастар;";

"33-1) тасымалдау - багажды, жүктерді, жүк-багажды жөнелту пунктінен межелі пунктіне апару мақсатында орындалатын тасымалдаушының, магистралдық темір жол желісі операторының, локомотивтік тартқыш операторының өзара байланысты іс-қимылдарының жиынтығы;";

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"34) уәкілдеппі орган - Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өз құзыреті шегінде көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасында көлік кешенінің қызметін үйлестіруді, реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын орталық атқарушы орган;";

мынадай мазмұндағы 35) - 39) тармақшалармен толықтырылсын:

"35) локомотивтік тартқыштың қызметтері - темір жолдар бойынша тартқыш көлік құралымен (локомотивпен) жылжымалы құрамның орнын ауыстыру жөнінде көрсетілетін қызметтер;

36) магистралдық темір жол желісінің қызметтері - магистралдық темір жол желісін пайдалануға ұсыну және онымен жылжымалы құрамды өткізуі үйымдастыру жөніндегі қызметтер;

37) кірме жолдардың қызметтері - кірме жолдарды пайдалануға беру бойынша көрсетілетін қызметтер;

38) тасымал процесінің қатысуышы - темір жол көлігі саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға, соның ішінде тармақ иеленуші, контрагент және клиент;

39) экспедитор - тасымалдау құжаттарында көлік экспедициясы шартының негізінде тасымал төлеушісі ретінде көрсетілуі мүмкін, жүк тасымалдарын үйымдастыру жөнінде қызметтер көрсететін тұлға.";

3) 2-баптың 2-тармағы 5) тармақшасындағы "тасымалдаушылар мен темір жол көлігі үйымдарының" деген сөздер алып тасталсын;

4) 3-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Өзінің тартқыш көлігі (локомотиві) жоқ тасымалдау процесіне қатысуышы локомотивтік тартқыштың операторымен жасалған шарт негізінде локомотивтік тартқыш көрсететін қызметтерді пайдаланады.";

5) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Магистралдық темір жол желісі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ортақ пайдаланылатын темір жол көлігінің объектісі болып табылады, жекешелендіруге жатпайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттармен және тәртіппен Ұлттық темір жол компаниясына беріледі.";

6 ) 6 - б а п т а :

2-тармақтағы "магистралдық темір жол желісін пайдаланғаны" деген сөздер "магистралдық темір жол желісі көрсеткен қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

### 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Магистралдық темір жол желісінің операторы магистралдық темір жол желісі көрсететін қызметтерге кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге және тасымалдаушыларға магистралдық темір жол желісін пайдалануға бірдей құқық беруге міндетті .

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өткізу қабілетінің шектелуіне байланысты тасымалдаушыларға поездар қозғалысының нақты бағытында магистралдық темір жол желісін пайдалануға беру мүмкіндігі болмаған кезде, тасымалдау тасымалдаушылардың магистралдық темір жол желісі көрсететін қызметтерге кемсітусіз қол жеткізу ережелерінде көзделген тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылады.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жаңа магистралдық жолдар салу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.";

7) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Магистралдық темір жол желісін пайдалану  
кезінде туындастын міндеттемелерді  
бұзғаны үшін жауаптылық

Магистралдық темір жол желісін пайдалану кезінде туындастын міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, магистралдық темір жол желісін пайдалану ережелерінде, сондай-ақ осылардың негізінде жасалатын шарттарда белгіленген негіздер бойынша және мөлшерде жауаптылықта болады.";

8) 8-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Локомотивтік тартқыш операторы шарттар негізінде және уәкілдегі орган белгілеген тәртіппен локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетеді.

Тартқыш көлік құралының (локомотивтің) иесі бірінші кезекте арнағы және әскери тасымалдарды орындау үшін Ұлттық тасымалдаушыға локомотивтік тартқыш көрсететін қызметтерді ұсынуға міндетті.";

9 ) 1 2 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Магистралдық темір жол желісінің операторы көрсететін қызметтердің бағасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жолаушылардың халықаралық және облысаралық қатынастарда жол жүру бағаларына (тарифтеріне) жеңілдіктер беруге құқылы. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар жолаушылардың ауданааралық (қалааралық) және ішкі қатынастарда жол жүру бағаларына (тарифтеріне) жеңілдіктер беруге құқылы.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру жөнінде қызметтер көрсететін тасымалдаушиның залалдары Қазақстан Республикасының бюджет заңдарына сәйкес бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.";

1 0 ) 1 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

6), 10) - 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"6) магистралдық темір жол желісіне кіретін магистралдық жолдардың тізбесін бекіту;" ;

"10) темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жүктөрдің әскерилендірілген құзетін қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

11) тасымалдаушиның әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережелерін бекітү ;

12) әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастарды айқындау;" ;

13) және 16) тармақшалар алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

3), 9) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) магистралдық темір жол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станциялық жолдардың, электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, үйлердің, құрылыштардың, ғимараттардың және өзге де объектілердің тізбесін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;" ;

"9) темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген құзетпен алып жүргүре жататын жүктөрдің тізбесін бекіту;" ;

"15) темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережелерін бекіту;" ;

мынадай мазмұндағы 16) - 27) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) экспедиторлар қызметінің тәртібін айқындау;

17) вагондар (контейнерлер) операторлары қызметінің тәртібін айқындау;

18) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуді ұсыну тәртібін айқындау;

19) ортақ пайдаланылатын кірме жолдарға қойылатын талаптарды айқындау;

20) магистралдық темір жол желісінде көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;

21) кірме жолдарда көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;

22) табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыратын жеке және

занды тұлғалар үшін шикізатты, материалдарды, отынды, энергияны жұмсау  
нормативтерін бекіту;

23) тасымалдаушылардың магистралдық темір жол желісіндегі көрсетілетін қызметтерге кемсітусіз қол жеткізу ережелерін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;

24) бәсекелес кірме жолы жоқ тасымалдаушылардың, жүк жөнелтушілердің, контрагенттердің және басқа тұлғалардың кірме жолдарда көрсетілетін қызметтерге кемсітусіз қол жеткізу ережелерін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;

25) кірме жолдардағы жұмыс ережелерін бекіту;

26) қорғау аймақтары жерінің көлемін, оны пайдалану режимін айқындау және жерді бөлінген белдеуде темір жол көлігінің қажеті үшін пайдалану жөніндегі ережелерді бекіту;

27) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды орындау жатады.";

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "қала маңында" деген сөздер "ауданааралық (қалааралық) және ішкі қатынастарда" деген сөздермен ауыстырылсын; "немесе өзге де мұдделі тұлға" деген сөздер алып тасталсын;

11) 15 - бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұлттық темір жол компаниясы магистралдық темір жол желісі операторының функциясын орындауды.";

3-тармақ алып тасталсын;

12) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Ұлттық тасымалдаушы

1. Ұлттық тасымалдаушы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Ұлттық тасымалдаушы жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктөрді; соның ішінде арнайы және әскери жүктөрді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетеді.";

13) 17 - бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тасымалдаушы поездарды қабылдау, жөнелту, тоғыстыру, басып озу жөніндегі, жолаушыларға қызметтер көрсету, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктөрді қабылдау, беру жөніндегі тиісті операцияларды жүргізу үшін ашық темір жол станцияларының арасында тасымалдауды жүзеге асырады.

2. Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станциялары жұмыс режимінің талаптарын, сондай-ақ оларды ашу және жабу тәртібін жергілікті өкілді және атқарушы органдармен келісім бойынша уәкілетті орган айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Темір жол станциялары өзінің қызметі мен жұмыс сипатына қарай жолаушылар, жүк, сұрыптау станциялары, участекілік және аралық станциялар болып бөлінеді.";

1 4 ) 3 1 - б а п т а :

5-тармақ мынандай редакцияда жазылсын:

"5. Тасымалдау процесіне қатысуышылар қозғалыс қауіпсіздігін бұзғаны және олардың зардаптары үшін (қоршаған ортаның ластануы, поездар жүрісіндегі үзілістер және басқалары) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Тартқыш көлік құралының (локомотивтің) иесі локомотивтік тартқыш қызметін көрсету кезінде оның жарамды жай-күйін, соның ішінде пайдалануға технологиялық дайындығын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті.";

15) 32-баптың 2-тармағы "кәсіби даярлық деңгейін" деген сөздерден кейін ",лауазымға (кәсіпке) қойылатын біліктілік талаптарын" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 33-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Темір жол көлігімен тасымалдау кезінде тасымалдаушы не жүк жөнелтуші жүктердің тасымалдарын ұйымдастыру туралы шарт бойынша Қазақстан Республикасының Укіметі белгілеген тәртіппен әскерилендірілген күзетпен алып жүргүре жататын жүктердің күзетін қамтамасыз етуге міндетті.";

17) 34-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жұмылдыру дайындығын қамтамасыз етуге, азamatтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі 10-шараларды жүргізуге, төтенше немесе соғыс жағдайы режимін енгізуге байланысты құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.";

1 8 ) 4 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жүк тасымалдау ережелері жалпы ережелерді қамтиды, сондай-ақ мыналарды.";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) вагондарды беруге-алып кетуге шарттар жасасу және осындай шарттардың міндетті талаптары;";

2-тармақта "ұйымдастыру" деген сөз "жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын; "Тасымалдаушылардың" деген сөз алып тасталып, "жүк" деген сөз бас әріппен жазылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кедендік тексеріп қарау мақсатында орналасуы кеден органдарымен келісілген ортақ пайдаланылатын кірме жолдарда жүкті, жүк-багажды вагондарға, контейнерлерге тиегіді, сондай-ақ олардан түсіруді тасымал процесіне қатысушылар жүзеге асыруы  
м ү м к і н .

Бұл қызмет Қазақстан Республикасының кеден зандарында көзделген кедендік тексеріп қарау актің көрсетілген кезде ғана жүзеге асырылады.

Тасымалдау процесіне қатысушылардың тауарларды тиегі (түсіруге), зақымдалған бumanы жөндеуге, бumanы ашуға, буып-түюгे немесе қайта буып-түюге, сондай-ақ вагондарды, контейнерлерді беруге және алғы кетуге, санитарлық паспорттар беруге, жүктөрді, контейнерлерді сақтауға байланысты шығыстары және кеден органдарының не өзге де мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бастамасы немесе нұсқауы бойынша осы жұмыстарды орындауға байланысты туындаған басқа да шығыстары Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес белгіленген мөлшерде жүк жөнелтушілер, жүк алушылар есебінен өтеледі.";

5-тармақ "жүк алушыға" деген сөздерден кейін "немесе экспедиторға" деген сөздермен толықтырылсын;

#### 2 0 ) 4 4 - б а п т ы н 1 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақша "экспедитордың" деген сөзден кейін "және вагондардың ( контейнерлердің) операторынан" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "жүк алушы" деген сөздерден кейін ", экспедитор және вагондардың ( контейнерлердің) операторы" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 45-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Вагондарды, контейнерлерді беру және алғы кету

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге вагондарды, контейнерлерді қабылданған өтінімде және (немесе) шартта белгіленген мерзімдерде жүк тиегі беруге және оларды алғы кетуге міндettі. Берілген вагондар, контейнерлер мәлімделген жүктөрді тасымалдау үшін тасымалдау ережелеріне сәйкес (жарамды, іші мен сырты тазаланған)  
б о л у ғ а т и і с .

Вагондарды, контейнерлерді тиегі дайындау вагондар мен (немесе) контейнерлер меншік құқығымен немесе өзге де занды негізде тиесілі болатын тұлғаның есебінен және тасымалдау ережелеріне сәйкес айқындалатын мерзімдерде жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырылады.";

22) 47-баптың 5-тармағындағы "жүктің келуі туралы хабарлама жіберілген" деген сөздер "жүк берілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Темір жолдарда вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны және олардың бос тұрганы (кідіртілгені) үшін төлем

1. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, тармақ иеленуші вагондардың, контейнерлердің өздерінде болған уақыты үшін, тиеу (түсіру) және маневрлік жұмыстар үшін қажетті уақытты қоса алғанда, тасымалдаушыға вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін тасымалдау ережелерінде белгіленген төлем жасайды.

Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

2. Жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің кінесінен магистралдық, станциялық және кірме жолдарда тиеуге (түсіруге) қажетті уақыттан артық вагондардың бос тұрганы және контейнерлердің кідіртілгені үшін олар аталған темір жолдарды босатпаған уақыты үшін тасымалдаушиның магистралдық темір жол желісінің операторына төлеген шығыстарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеуге міндettі.;"

2 4 )            5 5 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "оларды," деген сөз "жүк жөнелтушіні немесе экспедиторды" деген сөздермен ауыстырылсын; "осындаған кедергілер туындаған кезден бастап бір тәулік ішінде" деген сөздер "жасалған шартқа сәйкес, дереу телеграф арқылы немесе өзге тәсілмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "жүк жөнелтуші" деген сөздерден кейін "немесе жүк алушы" деген сөздермен толықтырылсын;

2 5 )            5 6 - б а п т а :

2-тармақтағы "тасымал көлеміне" деген сөздер "жүк айналымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "салу" деген сөзден кейін "немесе шұғыл жөндеу жұмыстарын жүргізу" деген сөздермен толықтырылсын;

2 6 )            5 7 - б а п т а :

2-тармақтағы "оны иеленушілердің" деген сөз "тармақ иеленушінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы      3-тармақпен      толықтырылсын:

"3. Жаңа салынып жатқан кірме жолдар жалғасқан немесе пайдаланылып жүрген кірме жолда тасымалдау көлемі ұлғайған жағдайда, кірме жолдар, темір жол станцияларын салу, магистралдық темір жол желісінің бұрыннан бар темір жол станцияларын дамыту құрылыш бастамашысының қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.;"

27) мынадай мазмұндағы 57-1-баппен толықтырылсын:

"57-1-бап. Кірме жолдар қызметтерін көрсету

1. Тармақ иеленушілер жылжымалы құрамды өткізу, оның тұруы, вагондарды, контейнерлерді беру-алып кету және кіргізу-шығару үшін, жүктөрді қабылдау, тиеу (

түсіру), беру жөніндегі операцияларды, маневрлік жұмыстарды және өзге де операцияларды жүзеге асыру үшін тасымалдау процесіне қатысушыларға кірме жолдар қызметтерін көрсету жөніндегі шарттың негізінде кірме жолдар қызметтерін көрсетуге

Қ ұ қ ы л ы .

2. Тармақ иеленушілер кірме жолдар қызметтерін көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес төлем алады.

3. Тармақ иеленушілер кірме жолдар қызметтерін көрсетуді тасымал процесіне қатысушылардың тен құқықпен пайдалануын қамтамасыз етуге міндетті.";

28) 58-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Магистралдық темір жол желісінің операторы кірме жолдар бойынша қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын, сондай-ақ тиу (түсіру) жөніндегі қызметті жүзеге асыру және маневрлік жұмыс кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын

т е к с е р у г е

Қ ұ қ ы л ы .

2. Мемлекеттік көлік бақылау органды, магистралдық темір жол желісінің операторы кірме жолдарда қозғалыс қауіпсіздігіне, жылжымалы құрамның, контейнерлердің, жүктің сақталуына қатер төндіретін ақаулар тапқан жағдайда, анықталған бұзушылықтар туралы акт жасайды.

Тармақ иеленуші аталған актінің негізінде кірме жолдар қызметін көрсетуді тоқтата

т ұ р ү ғ а

м і н д е т т і .

Тармақ иеленуші анықталған бұзушылықтарды актіде көрсетілген мерзімдерде жоймаған жағдайда, магистралдық темір жол желісінің операторы кірме жолдарға жылжымалы құрамды беруді және оны алып кетуді тоқтатуға құқылы.";

29) 60 және 64-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"60-бап. Кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шарттар

1. Тасымалдау процесіне қатысушылардың кірме жолдар қызметтерін көрсету жөніндегі өзара қатынастары шартпен айқындалады.

2. Тармақ иеленуші бір жақты тәртіппен:

1) кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шарт талаптарын өзгертуге;

2) кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шартты бұзуға;

3) тасымалдау процесіне қатысушылар кірме жолдар қызметтерін көрсету шартын өздері бұзған жағдайларды қоспағанда, олардың тен қол жеткізу принципін бұзатын өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы емес.";

"64-бап. Жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру

Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындейдьы.

Ауданааралық (қалааралық) және ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдаудың ұйымдастырылуын жергілікті өкілді және атқарушы органдар немесе тасымалдаушы айқындейдьы.";

30) 66-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: "Тасымалдаушылардың жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережелерін сақтауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

31) 67-баптың 1-тармағы 4) тармақшасының бірінші абзацы "салмағы отыз бес" деген сөздердің алдынан "бір толық жол жүру құжатына немесе баланың жол жүру құжатына" деген сөздермен толықтырылсын;

32) 68-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жолаушы (жөнелтуші) багажды тапсыру кезінде оның құнын жариялауға құқылы, ал жүк-багажды тапсыру кезінде оның құнын жариялауға міндettі.";

33) 71-бап алып тасталсын;

34) 72-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"72-бап. Почта жөнелтілімдерін тасымалдау

Почта жөнелтілімдерін тасымалдау Қазақстан Республикасының поча туралы заңдарында белгіленген тәртіппен поча вагондарымен жүзеге асырылады.";

35) 73-баптың 1-тармағы "осы Занда" деген сөздерден кейін "және темір жол көлігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде" деген сөздермен толықтырылсын;

36) 77-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Тасымалдаушының қабылданған өтінімге сәйкес жылжымалы құрамның берілмеген үшін айыппұл төлеуі оны жылжымалы құрамды беру жөніндегі одан әрі атқаратын міндеттемелерден босатпайды. Жылжымалы құрам жүк жөнелтушімен келісілген ұзартылған мерзімде берілмеген жағдайда, егер тасымалдаушы жылжымалы құрамның берілмеуі өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, тасымалдаушы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндettі.";

37) 82-баптағы "жабылмаған тұрақсыздық айыбы бөлігінде" деген сөздер алып тасталсын;

38) 89-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өтініш берушінің кінә қоюға құқығы бар екендігін куәландаратын құжаттар жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес, кінә қоюға қоса тіркелуге тиіс.";

39) 92-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"6) багажды, жүкті немесе жүк-багажды өткізуге бергенін куәландару үшін коммерциялық акт жасауға міндettі.".

**2-бап.** Осы Заң, 2005 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 2-тармағы 9) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК